

Психологтың этикалық кодексі:

1. Қауіп келтірме! Өз білімдерінді дұрыс қолдана біл.
2. Бағалама! Жағымсыз бағалауынды дауыстап айтпа.
3. Адамды сол қалпында қабылдай біл. Психолог алдына келген клиентті түсіне білуге міндеттісін.
4. Кәсіби құпияны сақтау. Балалар, мұғалімдер, ата-аналар жайлы ақпараттарды жариялауға тыйым салынады.
5. Балалар мен қызметкерлер бар жерлерге жұмыстағы әріптестермен араларындғы түсініксіз мәселелерді шешпе.
6. Компетентті бол! Техникалар мен әдістерді жетік білмесең қолданба.
7. Клиентпен қарым-қатынаста дистанцияны ұстана біл.
8. Клиенттің өз іс-әрекетімен өміріне деген жауапкершілік құқығынан айырма.
9. Клиентті қате ақпараттандырма! Себебі клиент дұрыс емес шешім қабылдауы мүмкін.
10. Клиенттің әр түрлі психологиялық шараларға қатысуындағы еріктілік принципін ұстан.
11. Өзінді тұлға, маман ретінде сыйлай біл.

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ОЙЫНДАР**

«Суреттерді аяқтайық» жаттығуы

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын, көру арқылы есте сақтауын, ойша жұмыс істей білуін дамыту.

Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады. Балалардың көздері шарфпен байланады да, олар кезек - кезекпен шығып, бірі денесін, бірі басын, бірі аяғын салады, осылайша жалғаса береді.

«Түрлі – түсті дөптар» жаттығуы

Мақсаты: Балалардың есту арқылы есте сақтауын дамыту.

Қағаз бетіне екі кішкентай қызыл және жасыл дөп, қызыл дөп пен жасыл дөптың ортасына үлкен көк дөп сал, ал жасыл дөптің жанына кішкентай сары дөп сал.

«Менің көңіл - күйім» жаттығуы

Мақсаты: Көңіл - күйін игере білуге және басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу.

Алдарындағы бланкіге өз көңіл - күйлерінді суреттеп салыңдар.

«Мен басқаның көзімен»

Ортаға бір баладан кезекпен шығып, қалған қатысушылар ол жайлы қандай ой - пікірде екенін айтады. Бала өзін басқаның көзімен қандай адам екенін анықтайды.

«Атомдар мен молекулалар»

Әр қатысушы - жеке атомдар. Жүргізушінің айтуы бойынша атомдар қозғалысқа түседі, бір-бірімен жеңіл қақтығысқа түседі. Жүргізуші қанша атомның қосындысынан молекула құралатынын айтады, сол кезде сол санға сай бірігіп тұра қалу керек. Молекула құрамына кірмей қалғандар ойыннан шығады.

Аффирмациялар

«Ол жасаған іс менің де қолымнан келеді», «Мен жетістіктің адамымын»,
«Менің жағдайым күннен – күнге жақсаруда»

«Таңғажайып дорба» ойыны

Дорбада бірнеше жеміс, көкөніс бөліктері бар. Бала көзі жабылып, дорбадағы заттың дәмін татып, оның қай жеміс екенін, дәмі, иісі, формасы, түсі жайында ажырата баяндайды.

Мен қандай адаммын?

Әр қатысушы өзінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін айтады. Сол бойынша қорытынды жүргізіледі.

Менің қиыншылықтарым
Қатысушылар бастарынан өткен қиыншылықтарды естеріне түсіріп, ортаға салады, өзгелермен ой бөліседі.

Есте қалған қызықты оқиға
Топ дөңгеленіп отырып, қатысушыларға доп беріледі. Допты бір - біріне кезектесіп беріп, есте қалған қызықты оқиғаларды айтады.

Ұқсастық шегі
Қатысушылар жұптасып отырады. Жұбына қарап, ұқсастықты тауып жазады. Ұқсастығын оқып, ой бөліседі

Мен саған сенемін
Әуен ойнап тұрады. Жұп құрып, бір - бірінің көздеріне қарап отырады. «Мен саған сенемін...» өйткені сен жақсы адамсың.

«Сықырлы сөздер» ойыны
Психолог кез - келген өтінішті айтады, ал бала оны әдепті түрде айтуы керек. Мысалы: Айнаш, дәптерді бер. «Айнаш, өтінемін дәптерді берші» Ізеттілік туралы ертегі тыңдау

«Ең жақсы» ойыны
Қатысушылар екі топқа бөлінеді. Әр топқа мынадай нұсқау беріледі. Берілген мінездеме қай мамандыққа сай екендігін айту қажет. Ең ақшаты, ең жасыл, ең тәтті, ең күлкілі, ең ұсқынсыз, ең қарым - қатынасы күшті, ең жауапты, ең салмақты

«Жағдайлы волейбол» ойыны
Психолог әділдік пен әділетсіздікті көрсететін жағдайларды айтады, сол арада дұрыс жауапқа бала допты қағып алады, бұрыс жауапқа қағып алмайды

«Кездесу» ойыны
Жай әуенмен екі шеңбер болып қарама - қарсы айналады, әуен тоқтаған кезде бір - біріне қарап, баланың қасиетін айтады.

Ассоциация «Жанұя»
Психолог допты лақтыру арқылы ата - анаға сұрақ қояды, олар жауап береді.

«Сықырлы жұмыртқа» ойыны
Әр бала жұмыртқа бейнесінде берілген формаларға жаңа зат пайда болатындай етіп, аяқтап сурет салады.

«Әрқашан күн сөнбесін!» жаттығуы
Тақтаға бұлт басқан күннің суреті ілінеді. әр бұлтта тапсырмалар берілген. Соларды орындау барысында күннің көзі ашылады.

«Өкпені еріту» жаттығуы

Тып - тыныш дененізді бос ұстап отырыңыз. Өзіңізді қара көлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз. Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін, бұрын ренжітсін, қазір өмірде бар болсын, әлде өмірден өтіп кетті ме, оған мән бермеңіз. Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы, жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек.

Оны бақытты деп біліңіз. Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз. Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз. Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз. Бақытты, күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз. Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз.

«Тазару» жаттығуы

Терең дем алып, демді барынша қайта шығарыңыз. Дененізді босатыңыз.

Өзіңізге былай деңіз: Мен өмір сүруіме кедергі келтіретін барлық өкпе, реніштен тазарғым келеді. Мен барлық қысымнан осылайша босаймын. Барлық ескі реніш, өкпелерден құтылғым келеді. Мен жанға рахат жайбарақаттылықты сезінемін.

Мен өз қалпымдамын. Өз өмірімнің ағынымен барамын Бірақ өкпені ұмыттым, кештім.



Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған психодиагностикалық және түзету жаттығулары

Мақсаты: Топтағы балалармен қарым-қатынас орнату, өзін-өзі дамыту, зейінді дамыту, психоэмоционалдық қысымды тежеу, эмоционалды нақты қимылдарды дамыту.

Сабаққа керекті материалдар: жағымды әуен, күн суреті, майшам.

Жылулық шеңбері: «Күн» ойыны.

Мақсаты: оқушыларды өзін таныстыруға, дұрыс сәлемдесуге, басқаларды тыңдай білуге үйрету.

Жүргізілу барысы: Менің қолымда күн тұр. Ол кәсір айнада барлығымыздың қолымызға өтеді. Кімде-кімнің қолына, күн түссе, сол өз атын атап, көрінісінің атын атап, шарды оған береді.

«Орманға саяхат» жаттығуы.

Психолог балаларды ойдан шығарған орманға саяхатқа шығарады. Балалар психологтың қимылдарын орындан артынан келе жатады: аяқты оятып алмай аяқтың ұшымен тып-тынып, ойдым жерлермен, төбешіктермен, айналдасы тікпенекке толы жаңбырға жолмен жүріп келеді, астында бұлағы бар қиран көпірден өтіп, бағнақты жерлерден секіріп, еңкейіп сапырауқұлақ пен түлдер теріп, жоғарыдағы жаңғақтарды жинайды.

«Тас пен жолаушы» жаттығуы.

Психолог серуеннен кейін демалу керектігін айтады. Балалардың біреулері тас, ал кейбіреулеріне жолаушы болу ұсынылады. Тас болған балалар жерге тізесін құшақтап, қатып отырады, ал жолаушылар тас болып отырған баланың арқасына сүйенеді. Содан балалар орындарын ауыстырады.

«Тыңдаймыз және орындаймыз» жаттығуы.

Балалар топпен еркін тұрады. Балалардың арасына 0,5 м бөлуы қажет. Мұрын мотыңымен әуен болады. Балалар әуен тартпағанын мұрын қимылдарымен жасайды. Құмыл кеткенде психолог балаларға түрлі бұйрықтар береді. Балалар бұйрыққа сәйкес қимылдарды орындап отырады.

Бұйрық

- «Қояндар!» Балалар қояндар секірісін салады.
«Аттар!» Аттың адымын тұяқтың дыбысын салып жүреді.
«Шаяндар!» Шаянға тектес қимыл жасайды.
«Құстар!» Балалар қолдарын екі жаққа лақтырып жүреді.
«Аюсұтан!» Бір аяқпен тұрады.
«Иттер!» Балалар қолын қайырып үреді.
«Тауықтар!» Балалар тары іздеп, шоқып, «ко-ко-ко» деген дыбыс шығарады.
«Снырлар!» Балалар төрт тағандап отырады.

«Кім қаттырақ айқайлайды!» жаттығуы.

Балаларға айғайлау ұсынылады. Ол жаттығуды секіріп, жүгіріп, әуен аясында немесе басқаша еркін түрде жасауға рұқсат етіледі.

Релаксация.

Балалар кілемнің үстіне жатады. Қолдары шынтақтан майысқан, алақандарын жерге қаратып, аяқтарын екі жақта ұстап жатады. Психолог балаларға қарап: «Қазір мен өлең оқығанда жай әуен басталады, сендер көздеріңізді жұмып жатқанда «Сықырлы түс» ойынын бастаймыз. Сіздер шынымен ұйықтап қалмаңыздар! Бірақ қозғалмай, мен рұқсат бергенше көздеріңізді ашпайсыздар. Мұқият тыңдап, менің айтқанымды іштей қайталаңыздар. Сыбырласпаңдар. Еркін дем алыңыздар. «Сықырлы» түс көргеннен кейін ғана көздеріңізді ашыңыз! Тұрыңыздар! – дегенше тұрмайсыздар. Ал қазір «Сықырлы түс» күшіне енеді».

«Сықырлы түс»...

Кірпігіміз төмен түседі...

Көзіміз жұмылады...

Біз тыныш дем аламыз... (2 рет)

Сықырлы түс көреміз...

Жеңіл...қалыпты...терең дем аламыз...

Қолымызда дем алады...

Аяқтарда дем алады...

6. «Не өзгерді?»

Мақсаты: Баланың ырықты зейінін дамыту.

Нұсқау: Қорапқа он шақты ойыншықтар салынып, оқушы көзін жауып қораптағы ойыншықтарды атап үстел үстіне шығарып қояды. Кейін шығарылған ойыншықтан бір – екі ойыншықты алып тастау. Содан соң бала көзін ашып қандай ойыншық жоқ екенін айту керек.

Сурет брйынша әңгіме құрастыр әдістемесі

«Сурет бойынша әңгіме құрастыр»

Бұл әдістеме баланың белсенді сөздік қорын анықтауға арналған. Балаларға суреттер таратылады. Балаға осы суреттерді мұқият қарап шығу үшін 2 мин. уақыт беріледі. Егер де бала суретке зер салып қарамаса немесе онда не бейнеленгенін түсінбесе, онда зерттеуші оның зейінін суретке арнайы бағыттайды және түсіндіреді.

Бала суретті қарап шыққаннан кейін, онда не көргені туралы әңгімелеп беруді сұраймыз. Әрбір сурет бойынша әңгімелеу үшін тағы да 2 мин. беріледі.

Бұл әдістеменің көмегімен зерттеу жүргізуші психолог, нәтижелерді таблицаларға жазып алады. /табл./, онда баланың әртүрлі сөз таптарын, грамматикалық құрылысы мен тіркестерін қолдану жиілігін белгілейді.

Нәтижелерді бағалау.

10 балл – таблицаларға енгізілген сөз таптары бүкіл 10 баланың сөзінде кездеседі.

8-9 балл – баланың сөзінде таблицаларға енгізілген сөз таптары 8-9 кездеседі.

6-7 балл – баланың сөзінде таблицаларға енгізілген сөз таптарының 6-7 кездеседі.

4-5 балл – баланың сөзінде таблицаларға енгізілген сөз таптарының 4-5 ғана кездеседі.

2-3 балл – баланың сөзінде таблицаларға енгізілген 2-3 кездеседі.

0-1 балл – баланың сөзінде таблицаларға қосылған сөз таптарының біреуі ғана кездеседі

Даму деңгейінің нәтижесі.

10 балл – өте жоғары.


8-9 балл – жоғары.

6-7 балл – орташа.

4-5 балл – төмен.

0-3 балл – өте төмен.

Р/с	Зерттеу барысында жазып алынған сөз таптары	Қолдану жиілігі
1	Зат есімдер	
2	Етістіктер	
3	Сын есімнің жай шырайы	
4	Сын есімнің салыстырмалы шырайы	
5	Сын есімнің күшейткіш шырайы	
6	Үстеулер	
7	Есімдіктер	
8	Жалғаулар	
9	Жұрнақтар	
10	Құрмалас сөйлемдер және олардың құрылысы	



«Менің отбасым» тақырыбына салынған проективтік тест.

Мақсаты: Баланың басындағы жай-күйі мен алатын орнын, басқа мүшелермен қарым-қатынасын анықтауға негізделген.

«Менің отбасым» тақырыбына салынған проективтік тестіні талдау төмендегідей болуы қажет:

1. Егер бала суретінде өзі болса, онда ол отбасында өзін жақсы сезінеді деуге болады, ең жақын адамдарының арасында тұрса олардың өз ара жақсы қарым-қатынасын көрсетеді. Суретке қарай отырып жалпы отбасы мүшелері қандай орында тұрғандығын процент арқылы анықтауға болады

-өзі

-ана

-әке

2. Егер бала өзін суреттен алып тастаса, онда ол өзінің жалғыз екендігін, отбасында өзін нашар сезінетіндігінің белгісі деп тұжырымдауға болады.

-өзін салмау

-өзін алыстағы ата-әжесінің қасына салуы немесе бөлек салуы

-жануарларды салу (өміріндегі босыңқылық)

3. Егер өзін ең жақын адамдар қасына салса, онда ол өзін-өзі жақсы сезінеді, қасындағы адам сырлас, әрі мұңдас болып табылады.

-анасымен

-әкесімен

-жалпы екеуінің арасында тұрса.

4. Егер суретте әр-түрлі сызықтар немесе жаңбыр, бұлт, тәріздес қосымшалар болса баланы бірдеңе алаңдатып жүргенін ескеру керек.

5. Өзін отбасында өте жақсы сезінетін бала әрдайым салатын суретінде «күн бейнесін салады».

5. Егер сәуле, нұрлы шуақ салынса онда бала отбасы жылылығы мен махаббатын қажет етеді

Ескерту; әр баланың салған суретін тек осы әдіс арқылы ғана талдау жасап қана қоймай, басқада әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады.

Логикалық және механикалық есте сақтау.

Мақсаты: Логикалық және механикалық есте сақтау қабілеттілігін анықтау.

Жұмыс барысы: Зерттеу жүргізілу үшін оқушыға 2 қатар сөз беріледі оқылады. Бірінші қатардағы сөздердің арасында байланысты бар, ал екінші қатардағы сөздер арасында ешқандай байланыс жоқ. Осы екі қатар сөздерді зерттеуші балалар назарына бөлек-бөлек оқиды. Әр сөз арасында 5 секундтан үзіліс жасалады. Бірінші тізбек біткеннен кейін, оқушыға есте сақтаған қос сөздерді парақ бетіне түсірілуі ұсынылады. Екінші тізбек сөздермен тәжірбие осы әдіспен жүргізіліп, жүзеге асырылады.

Талдау: Алынған нәтижелер төмендегі бланкіге толтырылып, көрсетілген формулаға салынып есептелінеді.

Зерттелу- шінің аты-жөні	Логикалық ес			Механикалық ес		
	1-ші Қатар- дағы сөздер саны A1	Есте сақта- ған сөздер саны B1	Логика- лық есте сақтау коэффи- центі $C=A1/B1$	2-ші қатар- дағы сөздер саны A2	Есте сақта- ған сөздер саны B2	Логика-лық есте сақтау коэффициенті $C=a2/B2$

Нұсқау: қай нәтиже 1-ге жақын болса, сол есте сақтау түрі адамда жақсы дамыған болып табылады.

Қосымша:

1-ші қатар сөз тізбегі	2-ші қатар сөз тізбегі
Тауық-жұмыртқа	Сіріңке-төсек
Қайшы-қию	Қоңыз-кресло
Қуыршақ-ойнау	Балық-өрт
Шам-кеш	Компас-кілей
Алмұрт-шырын	Аспан-шаян
Кітап-оқу	Ара-журнал
Сыр-сүт	Моншақ-жер
Оқушы-мектеп	Бөтенке-самаурын
Қалам-жазу	Шыбын-диван
Қар-қыс	Тал-қозы
Көбелек-шыбын	Адам-перде
Тісықшыш-тіс	

Логикалық операцияның дамуын байқау

Баланың аты жөні:

Тобы:

1. Керек сөзді таңда, астын сыз.

- 1) Етікте әрқашан (табан, бау, түйме, белдік) бар.
- 2) Ыстық жақта (аю, қасқыр, бұты, түйе) жүреді.
- 3) Бір жылда (24 ай, 3 ай, 12 ай, 4 ай) бар.
- 4) Қыстың айлары (қыркүйек, қазан, ақпан, қараша)
- 5) Біздің Республикамызда кездеспейтін құстар (бүлбұл, страуыс, кептер, бозторғай)
- 6) Әкесі баласынан (жиі, әрқашан, ешқашан, сирек) үлкен болады.
- 7) Тәулік уақыты (жыл, ай, апта, күн)
- 8) Теректе әрқашан бар (жапырақ, тамыр, гүл, жеміс)
- 9) Жыл мезгілі (тамыз, күз, сенбі, тоқсан)
- 10) Оқу құралдары (парта, шкаф, диван, дәптер)

2. Бұл 5 сөздің ішінде 4 сөзді бір төңке жатқызуға болады, ал бірсөз артық. Сол артық сөздің астын сыз.

- 1) Өзен, көл, теңіз, мұхит, көпір.
- 2) Үстел, кілем, кресло, төсек, диван.
- 3) Қанат, Нұрманов, Әділет, Асхат, Қайрат.
- 4) Жылқы, сиыр, түлкі, ешкі, қой.
- 5) Үшбұрыш, төртбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш, тақта.
- 6) Тауық, әтеш, бүркіт, қаз, үйрек.
- 7) Сан, бөлу, қосу, алу, көбейту.
- 8) Футбол, волейбол, хоккей, жүзу, баскетбол.
- 9) Ыстық, ащы, қышқыл, тұзды, тәтті.
- 10) Көже, қымыз, бауырсақ, сүт, айран.
- 11) Көйлек, етік, жемпір, күрте, шапан.
- 12) Машина, пойыз, самолет, велосипед, доң.

3. Мына сөзді бір сөзбен жаз.

Мысалы: шалбар, көйлек – киім.

- | | |
|---------------------|--------------------------------|
| 1) Қазан, қараша – | 8) Әке, бала, ана – |
| 2) Құмырсқа, ара – | 9) Алма, алмұрт – |
| 3) Сәбіз, кияр – | 10) Қыс, жаз – |
| 4) Шкаф, диван – | 11) Ардақ, Айгүл – |
| 5) Кітап, қалам – | 12) Астана, Қарағанды – |
| 6) Піл, жолбарыс – | 13) Сарсенбаева, Алдамұратов – |
| 7) Кептер, торғай – | 14) Юбка, кофта – |
| | 15) Етік, туфли – |

1.6. Ойлау қабілеттің диагностикасы

Баланың аты-жөні:

Жасы:

Тексерілген күні:

Әдіс 1. Сөйлеу мен ойлау және елестету

Кітап	
Шам	
Қалам	
Үстел	
Терезе	
Қала	
Орындық	
Аға	
Жалау	
Бала	

Жіберілген қатесі:

Нәтижесі:

Белгілерді қойып шық әдістемесі

Зейін процесін дамыту

«Белгілерді қойып шық»

Бұл әдістемедегі тестік тапсырма баланың зейінінің аударылуы мен бөліну қасиеттерін бағалауға арналған. Тапсырманы орындаудың алдында балаға суретті көрсетіп, онымен қалай жұмыс істеу керектігін түсіндіреді. Бұл жұмыс мынадан тұрады, әрбір төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек пен ромбиктерде жоғарыда көрсетілген үлгідей етіп таңбалар қойып шығу, яғни тиісті, канат белгісін, сызықшаны, косу белгісін немесе нүктені.

Бала бұл тапсырманы 2 мин. бойы үздіксіз орындайды. Зейіннің аударылуы мен бөлінуінің жалпы көрсеткіші формула бойынша анықталады:

$$S = (0,5 * N - 2,8n) / 120$$

S - зейіннің аударылуы мен бөлінуінің көрсеткіші;

N - 2 минут ішінде қаралып және тиісті таңбалармен белгіленген геометриялық пішіндердің саны;

n - тапсырманы орындау негізінде жіберілген қателердің саны. Дұрыс қойылмаған таңбалар немесе қалдырып кеткен, яғни тиісті таңбалармен белгіленбеген геометриялық пішіндер қате болып есептеледі.

Нәтижелердің бағасы

10 балл - S көрсеткіші 1,00-ден артық.

8-9 балл - S көрсеткіші 0,75-тен 1,00 шамасында.

6-7 балл - S көрсеткіші 0,50-ден 0,75шамасында орналасқан.

4-5 балл - S көрсеткіші 0,25-тен 0,50 аралығында орналасқан.

0-2 балл - S көрсеткіші 0,00-ден 0,25 шекарасында орналасқан.

Даму деңгейінің нәтижесі.

10 балл - өте жоғары.


8-9 балл - жоғары.

6-7 балл - орташа.

4-5 балл - төмен.

0-3 балл - өте төмен.

$\square \vee \triangle - \bigcirc + \diamond \cdot$



Жылы – суық

Мақсаты: Балалардың жылы және суық түстер жайлы түсініктерін бекіту.

Көрнекі құралдар: Екі үлкен (20/20) қағаз беті, біреуінің ортасында қызыл түсті (жылы), екіншісінің ортасында көк түсті (суық) (диаметрі 2-3 см) дөңгелектер бейнеленген. Балаларға сол түстес заттарды салып, кино (2 дана) ұсынылады: біреулерін үлкен қағазға шеңберден бірдей қашақтыққа жапсыру, екіншісінің бөлек карточкаға (үлестірмелі қағаз) жапсыру.

Ойын мазмұны: Балалар шағын топқа бірігеді. Әр топқа үлкен қағаз беті беріледі. Жүргізуші бір-бірлеп карточка көрсетеді, ал балалар өздерінің қағаздарындағы суреттер мен дөңгелектердің түстерін сәйкестерін алады. Тапсырманы жылдам орындаған топ жеңеді.


Өрнектерді құрастыр

Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер мен түстер жайлы білімдерін бекіту, түсті таңдай білуге үйрету (жақын, сәйкес).


Көрнекі құралдар: Түрлі түсті геометриялық пішіндер.

Ойын мазмұны: Қағаз бетінде геометриялық пішіндерден өрнек құрастыру.

Баланың ойлау қабілеті мен сөйлеу мәнерін дамытуға арналған жаттығулар



2 – кестедегі суретті балаларға 15 – 20 секунд көрсетіп, көздері үйренгеннен соң, алып тастап, 1 – кестедегі суретті көрсетемін. Балалар 1 – кестеден алғашқы кестедегі көргендерін тауып атап береді. Бұл арқылы балалардың ойлау қабілеттері мен сөйлеу дағдыларын арттыра түсуге болады



4. Суретшілер.

Кіші және орта буындағы мектеп жасындағы балалармен жүргізуге болады. Жүргізуші таңдалады. Ол тақтаға немесе мүлде ештеңеге ұқсамайтын етіп салады. Тапсырма – ойыншылар осы фигураны әрі қарай жетіспейтін детальдарын жалғастырып, белгілі бір затқа ұқсатып аяқтауы керек. Бір суретшіге бір фигурадан тиеді. Бұл ойында жеңімпаз да жеңілген де болмайды, бірақ әр бала өз фантазиясын, ойын жеткізуге тырысады.


Неге ұқсайды

Мақсаты: «Баланың ойлау, есте сақтау және қиялын дамыту, аталмыш психологиялық процесстер деңгейін анықтау».

Ойын барысы: Тақтаға немесе балалар назарына әр түрлі пішіндер салынған 5 сурет ілінеді. Әрбір суретті мұқият қарап шығып 20 минут ішінде осы сурет неге ұқсайтынын әр сурет астына тізіп жазу керек.

Мысалы: тамшы, жапырақ, от, гүл күлгесі, мысық құлағы.

Нәтижесі: Барлық ұқсас аттар саналып, ол суреттер санына бөлінеді.



Дидактикалық ойындар

Қоғалда әдемі гүлдер гүл ашты

Мақсаты: Түстер мен реңдерді қабылдауын дамыту, түс бойынша таңдап алу іскерлігін қалыптастыру.

Көрнекі құралдар: Жылы суық түсті геометриялық пішіндер.

Ойын мазмұны: Балалар педагог нұсқауы бойынша жылы түстер мен суық түстерден гүлдер бейнесін береді.

Әдіс 2. Ойлау қорытындысы

№	Үлгі	Тапсырма	Баға
1	Қыяр: көкөніс	Қалампыр: тамыр, тамшы, бала-бақша, гүл, өнер	
2	Бақша: сәбіз	Бак: қоршау, саңырауқұлақ, алма, ағашы, құдық, орындық	
3	Мұғалім: оқушы	Дәрігер: көзілдірік, аурухана, ауру палата, дәрі	
4	Гүл: құмыра	Құс: тұмсық, ұя, ұлпа, құйрық	
5	Қолғап: қол	Етік: шұлық, табан, былғары, аяқ, щетка	
6	Қара: ақ	Ылғал: күншуақ, тайгак, құрғақ, жылы, суық	
7	Сағат: уақыт	Градусник: шыны, ауру, кереует, температура, дәрігер	
8	Машина: мотор	Қайық: өзен, белгі, желкен, толқын, жағалау	
9	Үстел: жапқыш	Еден: жиһаз, кілем, шаң, тақтай, шеге	
10	Орындық: ағаш	Ине: өткір, жіңішке, жылтырақ, қысқа, болат	

Жалпы бағасы:

Тренинг жаттығулары

1. Сәлемдесу.

Мақсаты: Ортада жағымды көңіл – күй қалыптастыру, бауырмалдыққа баулу.

Мазмұны: Оқушылар шеңберге тұрып, шеңбердегі адамдармен құшақ жая амандасады. Өзінің жылы лебіздерін білдіреді. Қайта шеңберге отырады.

2. Есіңде сақта.

Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін арттыру, байқағыштыққа баулу.

Мазмұны: Шеңбердегілер екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы отырып, содан кейін алдындағы адамға зейінін қоя қарайды. 2 секунд уақыт беріледі. Сосын қараған адам көзін жұмады, ал қарсы отырған адам бір затын өзгертеді. Ал көзін жұмған адам, алдындағы адамның өзгерісін айтып беру керек.

3. Кім көбірек таңқалдырар екен.

Мектеп жасындағы балалар үшін. Бұл ойынға төреші сайлап алуымыз керек, ол ойынның қорытындысын және жеңімпазын анықтайды. Қалғандары 1 минуттың ішінде терезеге қарап отырып, қолдарына тез қаламдарын алып, парақ қағазға көргендерін тізіп жазады. Бұл жұмысқа 2-3 минут қана беріледі. Содан соң төреші барлығынан парақтарын жинап алады да кім көп жазғанын бақылап қортынды шығарады. Саналған минуттар ішінде кім көп жазса, сол жеңімпаз атанады.

Есіңе сақта және нүктелерді қойып шық әдістемесі

Зейіннің көлемін анықтау

Есіңе сақта және нүктелерді қойып шық.

Осы әдістеменің көмегімен баланың зейінінің көлемі бағаланады. Балаға 1-2 сек.8 карточканың әрбіреуі жүйелі түрде бірінен соң бірі, жоғарыдан төмен қарай рет-ретімен көрсетіледі, әрбір көрсетілген карточкадан кейін, бос карточкаға көрген нүктелерді еске түсіру ұсынылады. Баланың көрген нүктелері қай жерде орналасқанын есіне түсіру және оларды бос карточкада белгілеу үшін 15 сек. уақыт беріледі.

Нәтижелерді бағалау.

Кез келген карточкада есіне дұрыс түсіре алған нүктелердің ең көп саны баланың зейінінің көлемі болып есептеледі. Нүктелердің қатесіз, ең көп белгіленген карточка таңдалып алынады. Эксперименттің нәтижесі, балл есебінде төмендегідей бағаланады:

10 балл- берілген уақыт ішінде бала карточкада 6 және одан да көп нүктелерді есіне түсіреді;

8-9 балл- бала карточкада қатесіз 4-тен 5-ке дейін нүктелерді қатесіз есіне түсірді.

6-7 балл- бала 3-тен 4 нүктеге дейін дұрыс есіне түсірді.

4-5 балл-бала 2-ден 3 нүктеге дейін дұрыс есіне түсірді.

0-4 балл – бала бір карточкада бірден көп емес нүктені дұрыс есіне түсірді.

Даму деңгейінің нәтижесі.

10 балл – өте жоғары.


8-9 балл – жоғары.

6-7 балл – орташа.


4-5 балл – төмен.

0-3 балл – өте төмен.


7




5




3




1




8



6



4



2

